

Жоба атауы: ИРН АР22783162 «Жылқы сальмонеллезді аборттың эпидемиологиясы және оның қоздырушысын молекулярлық-генетикалық талдау».

Өзектілігі: Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы салаларында үйірлік жылқы шаруашылығы дәстүрлі шаруашылық жүргізу түрі болып табылады.

Біздің еліміздің жылқы өсіру шаруашылықтарында жылқыларда аборт (іш тастау) туғызатын сальмонеллезді аборт, ринопневмония, лептоспироз сынды инфекциялық аурулар кеңінен тараған. Осы аурулар ішінде аса көп таралғаны және айтарлықтай экономикалық шығын келтіретіні жылқылардың сальмонеллезді абортты.

Биелердің сальмонеллезді абортты жылқылардың көп таралған инфекциялық ауруларының бірі, ол республиканың жылқы шаруашылығына орасан зор экономикалық нұқсан келтіреді. Қазақстан Республикасында жылқы шаруашылығы тарихи қалыптасқан, дәстүрлік жағдаяттарға орай малшаруашылығының аса маңызды салаларының бірі болып саналады. Қазіргі уақытта жылқы бастарының саны бойынша (1 700 000 бас) республика ТМД елдері арасында жетекші орынды иеленіп келеді. Республиканың экономикалық тұрғыдан дамуы үшін аса маңызды әрі басты бағыттарының бірі ғылыми жетістіктерді өндіріске ендіру әрі оны мейлінше қысқа уақыт аралығында өткізу болып табылатыны ешқандай сұрақ тудырмайды. Биелерде сальмонеллезді аборт туындалуы, таралуы мен ауру өтуінің ағымы жануарлар организмінің иммунологиялық реактивтілігіне тікелей байланысты, өйткені үйірлік жылқы шаруашылығында буаз биелер сыртқы орта факторларына аса тәуелді келетіні түсінікті. Әдеби деректерге сәйкес бұл мәселе толықтай ашылмаған, жариялануы, насихатталуы әлсіз, жылқылардың табиғи резистенттілігін зерттеуге қатысты бірқатар мәліметтер ғана бар.

Мақсаты: жылқылардың сальмонеллезді аборттың эпизоотиялық ахуалын зерттеу, ҚР түрлі шаруашылықтарынан сынамалар жинау, ауру қоздырушысын бөліп алу және оны молекулярлық-генетикалық талдау. Сандық эпидемиология әдістерін қолдана отырып, аталған инфекцияның пайда болу қауіпіне және таралу тәуекелділігіне баға беру, сонымен қатар, толықтай геномдық секвенирлеу зерттеу жұмыстарын өткізу.

Күтілетін және қол жеткізіліп алынған нәтижелер:

- Алғаш рет зерттелетін аумақтарда жылқылардың сальмонеллезді абортты таралуына қатысты эпизоотологиялық деректер жиналатын болады;

- ҚР әкімшілік аудандары аумақтарында жылқылардың сальмонеллезді аборттың таралуы ықтималдығына климаттық, географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері зерттелетін болады;

- Жылқылардың сальмонеллезді абортты қоздырушысына қатысты молекулярлық-генетикалық талдау өткізілетін болады (гендік фрагменттердің нуклеотидтік кезеңділігі анықталады, изоляттардың нуклеотидтік кезеңділіктеріне филогенетикалық талдау жүргізіледі және филогенетикалық таралым бұтағы айқындалатын болады);

- Қазақстанда жылқылардың сальмонеллезді абортты изоляттарының нуклеотидті кезеңділігіне қатысты деректер базасы жасақталатын болады;

- Жылқылардың сальмонеллезді абортты генетикалық варианттарының аумақтық сипатта таралуына талдау жасалатын болады;

- Сандық эпидемиология әдістерін пайдалана отырып, жылқылардың сальмонеллезді аборттың таралу қауіпіне баға берілетін болады;

- Қазақстан Республикасы аумағында жылқылардың сальмонеллезді абортты бойынша профилактикалық және сауықтыру шараларын өткізу жоспарлары құрастырылатын болады.

Жобаны орындау нәтижесінде Science Citation Index Expanded базалары Web of Science тізіміне енетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда және (немесе) Cite Score бойынша Scopus базасында 50 (елуден) кем емес проценти бар индексацияланатын 2 (екіден) кем емес мақала жарияланатын болады;

- немесе Web of Science базасындағы импакт фактор бойынша 1 (бірінші) квартильде Web of Science базасына енетін Science Citation Index Expanded

рецензияланатын ғылыми басылымында 1 (бір) кем емес мақала немесе ғылыми шолымдама жарияланады.

- Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комитет базасына енетін басылымдарға 2 мақала жарияланатын болады.

- Ғылыми зерттеу жұмыстарының аралық және қорытындылық нәтижелері республикалық және халықаралық конференцияларда, соның ішінде, алыс шет елдердегі конференцияларда баяндалуы көзделуде.

Жоба жетекшісі – Бакишев Темирлан Гомарович, PhD, С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ «Ветеринариялық санитария» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.

Хирш Индексі (h-index) – 2, <http://orcid.org/0000-0001-7845-975X>, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56007665400>. Researcher ID Web of Science: AFS-0450-2022

Зерттеу тобының мүшелері:

Есембекова Гульжан Нурлыбековна - PhD, «С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ» КеАҚ, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің аға оқытушысы. Хирш Индексі -2, <https://orcid.org/0000-0001-6177-7612>, <https://publons.com/researcher/O-8480-2017>.

Қадыров Аблайхан Сарсенбаевич - «С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ» КеАҚ, т.ғ.м, ғылыми қызметкер. Хирш Индексі (h-index)–5, <https://orcid.org/0000-0002-0689-0986>, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189581566>.

Бакишева Жанар Сагидоллаевна – PhD, «С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ» КеАҚ, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті «Ветеринариялық медицина» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.

Хирш Индексі (h-index)–0. <https://orcid.org/0000-0002-6358-0511>, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57208075043>.

Каиржанова Алма Дуйсенбайқызы – PhD, «Биотехнология Ұлттық орталығы» ЖШС, қолданбалы генетика зертханасының қызметкері.

Хирш Индексі(h-index) – 2, <https://orcid.org/0000-0002-9864-2700>

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56737034300>, Researcher ID Web of Science ABB-5155-2020.

Абдигулов Болат Бауржанұлы- «Биотехнология Ұлттық орталығы» ЖШС, қолданбалы генетика зертханасының қызметкері. Хирш Индексі (h-index) – 0, <https://orcid.org/0009-0004-4550-252X>, Researcher ID Web of Science: JKH-7676-2023.

Әбенова Әсем Жандарбекқызы - «С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ» КеАҚ Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің аға оқытушысы. Хирш Индексі (h-index) – 1, orcid.org/0000-0002-8360-1527, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58177236900>.

Байболин Жасулан - «С. Сейфуллин ат. ҚазАТЗУ» КеАҚ ғылыми қызметкері. Хирш Индексі(h-index) – 1, <https://orcid.org/0000-0002-6499-664X>.

Біржанов Төлеген Балтабайұлы - "Ұлттық референттік орталық" РМК, жұқпалы ауруларды диагностикалау зертханасының молекулалық биология бөлімінің бактериолог маманы. Хирш индексі-0, <https://orcid.org/0009-0009-4914-6231>, tolegen_1986@mail.ru

Ықтималды пайдаланушыларға қатысты ақпараттар: Биелердің сальмонеллезді абортты – уақытанан бұрын іш тастау (аборт) және өмір сүруге жарамсыз төл әкелуімен сипатталатын буаз биелер арасында кеңінен таралған ауру. Әдеби деректерге сәйкес аталған ауруды кейде *Salmonella abortiva-equina* деп те атайды (синонимі).

Қазіргі уақытта республикадағы жылқылардың жалпы санына шаққанда жылқылардың негізгі бөлігі ел азаматтарының жеке шаруа қожалықтарында, меншіктерінде және фермерлік шаруашылықтарында шоғырлануына байланысты, сонымен қатар, ауруға шалдығу оқиғаларын статистикалық есепке алу қажеттілігіне орай биелердің сальмонеллезді абортты профилактикалау өзектілігі артып отыр. Сонымен

қатар, жылқылардың басым бөліктерінің меншіктегі есепке алынбай жүрген немесе дұрыс өткізілмей жүргендігі бұл жағдайды қиындатып отыр. Меншік иелері көбіне биелердің абортқа шалдығу жағдайларын ашып айта бермейді.

Аталған аураға қатысты тұрақты саулықты қамтамасыз ету үшін және осы ауру кесірінен келтіретін экономикалық шығында төмендету үшін кешенді шаралар ұйымдастырылып, өткізілуі керек. Бұл үшін зертханалық диагностикалау әдістерін құрастыру, профилактикалық шаралар тиімділігін бағалау, молекулярлық-генетикалық зерттеулер өткізілуі қамтамасыз етілуі керек. Тізбектеліп көрсетілген міндеттер кешенін эпизоотиялық ахуалды зерттемейінше, жылқылардың сальмонеллезді абортты қоздырушысына молекулярлық-генетикалық талдау өткізбейінше жүргізу мүмкін болмайды. Сонымен, таңдалып алынған зерттеу жұмыстарының өзектілігі еш күмән тудырмайды. Ол ең алдымен жылқылардың сальмонеллезді аборттың эпидемиологиясын тереңдете отырып зерттеу, таралу себептерін, жылқылардың молекулярлық-биологиялық сипаттамаларына қандаумен тығыз байланысқан.

Қосымша ақпараттар: Ғылыми жобаның ғылыми әсері ретінде жылқылардың сальмонеллезді аборттың эпидемиологиясының зерттелуін және аталған ауру қоздырушысына молекулярлық-генетикалық талдау жасалатынын атауға болады. Жобаның әлеуметтік әсері ретінде эпизоотиялық ахуалды жақсарту және экономикалық көрсеткіштерді жоғарылату көзделіп отырғанын атаймыз;

Алынған ғылыми нәтижелер эпизоотиялық ахуалды бақылау бойынша ветеринариялық шараларды жетілдіру тұрғысынан алғанда республиканың ветеринариялық қызметіне негіз болатынын атаймыз;

Алынған ғылыми нәтижелердің мақсаттық тұтынушылары болатын мемлекеттік ветеринариялық қызмет пен шаруашылық субъекттері. Ғылыми жоба жұмысының нәтижелері ветеринариялық қауымдастық арасында практика жүргізуші ветеринария саласы мамандары арасында семинарлар (дәрістер) жүргізілуі түрінде жарияланып, насихатталуы арқылы таратылатын болады және ветеринария саласы мамандарын дайындау барысында оқу үдерістеріне енгізілетін болады.